

Министрдің «Қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың бағыттары мен жағдайы» тақырыбында Мәжілісте өтетін «Үкімет сағатындағы» сөз сөйлеу тезистері

2014 жыл 20 қазан сағ. 10:00

Құрметті Қабиболла Қабенұлы!
Құрметті депутаттар!

• Ең алдымен Сіздерге Ішкі істер министрлігінің қызметіне деген ықыластарыңыз бен қолдауларыңыз үшін алғысымды білдіргім келеді.

Шындығында, біз Сіздердің қолдауларыңызды бірқатар маңызды мәселелерді шешу барысында сезініп, ішкі істер органдары қызметін жетілдіруге ықпал ететін ұсыныстарыңыз бен сыни пікірлеріңізге міндетті жауапкершілікпен қараймыз.

Бүгінгі «Үкіметтік сағаттың» тақырыбы – еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесіндегі мәселелер. Бірақ, алдымен, криминалды ахуалға қысқаша тоқталып өткім келеді.

• **Криминалды жағдай туралы.** Менің Мәжілістегі «Үкіметтік сағатта» соңғы рет есеп берген кезімнен бері 9 ай асты. Тұтастай алғанда, осы уақыт аралығындағы криминалды жағдай тұрақты.

• Қатаң есепке алу-тіркеу тәртібінің арқасында соңғы жылдары біз қылмыстар туралы арыздарды тіркеу мен есепке алу саласындағы заңдылықты айтарлықтай күшейттік және еліміздегі объективті қылмыстық статистикаға қол жеткіздік.

Ағымдағы жылы ІІМ желісі бойынша 249 мың қылмыс тіркелген. Соңғы үш жылда алғаш рет қылмыстың 4,6%-ға дейінгі төмендеуі көрінеді.

Ауыр (-21,4%, 19 мыңға дейін) және аса ауыр қылмыс (-20%, 1531-ге дейін), кіс өлтіру (-19,5%, 679-ға дейін), денсаулығына ауыр залал келтіру (-15,9%, 1,1 мыңға дейін), **қарақшылық** (-39,6%, 667-ге дейін), **тонау** (-26,2%, 10,7 мыңға дейін), **бұзақылық** (-15,3%, 19 мыңға дейін), **ұрлық** (-2,4%, 152,7 мыңға дейін) және басқа да қылмыс сандары қысқартылды.

Бұрынғысынша еліміздегі қылмыстық жағдайға қылмыстық салада 60%-дан жоғары үлесті құрайтын ұрлық әсер етіп отыр.

Қылмыстың барлық түрлерін ашу бойынша көрсеткіш жақсарған (ауыр қылмыс - 6%-ға, 45,8%-ға дейін; ауыр қылмыс –1,4%-ға, 77,7%-ға дейін; онша ауыр емес қылмыстар - 5%-ға, 41%-ға дейін; орта - 2,9%-ға, 28,2%-ға дейін).

- Қылмыстарды тергеудің сапасы артып келеді. Қылмыстық істерді қосымша тергеу жүргізу үшін қайтару(-14,8%), азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу (-2,4%, 80-ге дейін), қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тарту фактілері азайды.

- Жаңа заңнама туралы. Қылмыстарды ашу және тергеу жұмысы бойынша жаңа жылы жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-іс жүргізу кодекстерінің қолданысқа енуіне байланысты байыпты толықтырулар енгізу көзделуде.

Белгілі болғандай, қосымша тексеру сатысы қысқарады. Осы және басқа да новеллалардың біздің қызметімізге біршама қиындықтар тудыратыны анық.

Енді азаматтардың құқыққа қайшы әрекеттер туралы шағымдары мен хабарламалары қылмыс ретінде тіркелетін болады. Олар бойынша дереу қылмыстық іс қозғалып, тексеру жүргізілетін болады.

Әрине, мұндай жағдайларда жеке құрамның, ең алдымен кезекші бөліктердің, тергеушілердің, анықтаушылардың және жедел қызметкерлердің жүктемесі артатыны белгілі.

Анықтама үшін:

Тергеушілер мен анықтаушылардың штаттық саны – 4487 бірлікті құрайды (тергеу – 3279, анықтау - 1208). Жаңа ҚК, ҚПК қолданысқа енуіне байланысты 10626 бірлік тергеушілер мен анықтаушылар қажет (7824 бірлік - тергеушілер, 2802 бірлік – анықтаушылар).

- Жаңа заңнамамен байланысты басқа да мәселелерді шешу көзделуде. Солардың ішіндегі – қылмыстық-атқару жүйесі құрылымына кіретін қамаққа алу үйлерінің құрылысы мәселесі.

Жаңа ҚК бойынша «қылмыстық әрекет» жасағаны үшін (ал бұл 150-ге тарта бап) ұзақ мерзімге (30, 60 және 90 тәулікке дейін) қамаққа алу үйлерінде жазасын өтеу көзделеді.

Алайда қылмыстық-атқару жүйесі қызметінің тәжірибесіне жазалаудың бұл түрін енгізу әзірге барынша күрделі мәселе болып отыр.

Сарапшылардың есептеуі бойынша, «қылмыстық әрекеті» үшін қамаққа алынған адамдар саны шамамен 17 мыңды құрайды. Бұл адамдарды ұстауға алу үшін ұзақ мерзімге ұстау үшін талапқа сай инфрақұрылымымен жоқ дегенде 29 мың қамаққа алу үйлерінің құрылысы керек (2,6 мың лимитті орын, яғни 32 млрд.теңге) .

Анықтама үшін:

«Қылмыстық әрекеті» үшін қамаққа алынған адамдар саны шамамен 17 мың болады (ұстау мерзімі – 30-ден 90 тәулікке дейін), яғни ескі ҚК бойынша әкімшілік қамауға ұшырағандар санынан 12 есе көп.

2013 ж. - әкімшілік қамауға ұшырағандар саны 17,5 мың адам болса, оның 16 мыңнан астамы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 45-бабы бойынша, 1,4 мың адам Қылмыстық кодекстің 68-бабы бойынша ұшырағандар.

Бұл бір жылдың ғана міндеті емес. Әзірге министрлік 2017 жылға 66 млн. теңге шығын Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы тек қамаққа алу үйлерінің құрылысы бойынша Жобалық сметалық құжаттаманы әзірлеуге қарастырған.

- Олардың құрылысы аяқталғанша бұл жағдайдан әкімшілік қамауға алынғандарға арналған арнаулы қабылдау орындарын пайдалану арқылы шығып отырамыз.

Алайда, қазіргі таңда біздің арнайы мекемелеріміздің жай-күйі мәз емес. Олардың ылғи толып кетуіне байланысты кереует орын жеткіліксіз. Бастысы олар ұзақ мерзімге қамаққа алынғандарға есептелмеген. Олардың көбі ұстау жағдайы нормативтерге сай келмейтін жертөле және жартылай жертөле үй-жайларында орналасқан.

Көптеген жылдар бойы ІІМ арнаулы мекемелері, яғни әкімшілік қамауындағылар үшін арнаулы қабылдау орындары, белгілі тұрғылықты жері және құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдағыш-таратқыш орындары, уақытша ұстау изоляторларының проблемаларына ден қойылмады.

Олардың барлығы жергілікті бюджет есебінен ұсталады және әдеттегідей қалдықтармен қаржыландырылады.

Сондықтан бізге халықаралық құқық қорғау ұйымдарының тарапынан көптеген сындар айтылуда.

Осыған байланысты, бүгінгі күні барлық өңірлерде жаңа үлгідегі арнаулы мекемелерді салу қажеттілігі туындады.

Анықтама үшін:

- әкімшілік қамауындағылар үшін 1027 орынды 27 арнаулы орындары бар, Алматы және Ақмола облыстарында арнаулы қабылдау орындары жоқ;

- белгілі тұрғылықты жері және құжаттары жоқ адамдарға арналған 890 қабылдағыш-таратқыш орындары бар, 8 (32%) қабылдау орны ең төменгі халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді;

- 3930 орынды 182 уақытша ұстау изоляторлары бар, оның ішінде 90 (47%) УҰИ ең төменгі халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді.

Құрметті депутаттар! Қылмыстық-атқару жүйесі, өздеріңіз білесіздер, соңғы 3 жыл ішінде ІІМ-нің қарамағында.

• Біз үшін сол кезде ең бастысы және маңыздысы бұл бас бостандығынан айыру орындарында құқықтық тәртіпті және заңдылықты нығайту проблемасы болды.

Олардың көпшілігінде ондағы жағдайға шын мәнінде қылмыстық ортаның және ұйымдасқан қылмыстық топтар көшбасшыларының беделі әсер етті.

Мекеме әкімшілігінің заңды талаптарына сотталғандардың топтасып бағынбаушылығы, дене мүшелеріне зақым келтіру, қашулар, колонияларда спирттік ішімдіктердің, есірткілердің, суық қарудың, ұялы телефондардың және басқа да тыйым салынған заттардың кедергісіз айналымының көптеген фактілері болды.

Жағдайдың қиындағаны соншалықты, жаппай тәртіпсіздіктер, сотталғандардың топтасып қаруланып қашулары, қарауылға шабуылдар орын алды.

Осылайша, 2010 жылдың маусымында Маңғыстау колониясынан атыс, суық қаруларды және қолдан жасалған жарылғыш заттарды қолдана отырып 21 сотталған қашты.

2011 жылғы шілдеде Балхаш қаласындағы колониядан 16 сотталғанның қарулы қашу әрекетінің жолы кесілді.

Колониялар жағдайында криминалитеттің діни экстремистермен бірігу қаупі пайда болды.

Сондықтан, колонияларда тәртіпке келтірудің шұғыл және қатаң шаралары қабылданды. Сөйтіп бақылаушылар қызметін қайтадан құрдық, мекемелердегі жедел-режимдік бөліністерді нығайттық. Ішкі резервтер есебінен колонияларда психологтардың, теологтардың (Жезқазған қ. 5 бірлік) лауазымдары енгізілді. Колонияларды тексеру қондырғыларымен қамтамасыз еттік, күзеттің инженерлік-техникалық құралдарына күрделі жөндеу жүргіздік.

Жалпы қабылданған шаралар бас бостандығынан айыру орындарында жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

- Қылмыстық-атқару жүйесінің құрамына **75** түзеу колониясы кіреді, оның ішінде **18** қоныс-колониясы, бір түрме, кәмелетке толмағандарға арналған бір тәрбие колониясы бар.

Бұдан басқа, **18** тергеу изоляторы, онда 6 мыңнан астам адам бар және бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды өтеп жатқан базасында 21 мың адамы бар 240 қылмыстық-атқару инспекциясы бар.

Қазір бас бостандығынан айыру орындарында **48,7** мың адам бар, олардың 3400-і әйел, 100-і кәмелетке толмағандар.

- **Құрметті депутаттар!** Еліміздің бүгінгі қылмыстық-атқару жүйесінің жағдайы, әрине, бізді қанағаттандырмайды.

Осы саладағы жүйелік өзгертулер алдымен мынадай негізгі бағыттар бойынша қажет:

Бірінші: Бұл бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстау жағдайын жақсарту мақсатында түзеу мекемелерінің жаңа түрлерін құру. Ұжымдық, жасақтық-барактық нысан – өзінің толық мәнін жойды.

Сондықтан, Біз сотталғандарды камералық ұстауға көшіруді бастадық. Қазір елімізде камералық ұстау жағдайындағы 8 мекеме жұмыс істейді, жалпы толықтырылуы 5300 адамды (бұл жалпы арнайы контингенттің 12% ғана) құрайды.

Өткен жылы Қызылорда қаласында 900 орынға арналған камералық ұстау жағдайындағы заманауи колония пайдалануға берілді, ағымдағы жылдың соңына дейін Орал қаласындағы 900 орынға арналған мекемені қайта құруды аяқтау жоспарлануда. 2016 жылы Алматы облысы Заречный кентіндегі (1000 орынға арналған) колонияны қайта құру аяқталады.

Камералық ұстауға көшу елеулі бюджеттік шығыстарды талап етеді, осындай колониялардың біреуінің құрылысына мемлекет 10-12 млрд теңге жұмсайды.

Анықтама үшін:

Алдын ала есептеулер бойынша 37-40 мың сотталғандарды ұстауға арналған 25 колония қажет. Есеп бойынша -250-300 млрд теңге керек.

Осы проблеманы шешудің бір жолы осындай колониялардың құрылысын **мемлекеттік-жеке серіктестік** қағидаты бойынша салу. Бұл жалпы әлемдік практика, ол көптеген елдерде бұрыннан және нәтижелі іске асуда.

Қазір біз еліміздің бес климаттық ауданы бойынша 1,5 мың орынға арналған камералық ұстау колонияларының типтік жобасын әзірледік.

Осындай бірінші колонияны Қарағанды облысында салмақпыз, Әкімдік жер телімін (37 гектар) бөлді, Үкімет ағымдағы жылға қаражат (77 млн) бөлді.

Екінші: Нарықтық экономика жағдайында ең қиын проблемалардың бірі сотталғандарды еңбекте пайдалану.

Өткен жылмен салыстырғанда жұмыспен қамтылған сотталғандар санын 1,5 мың адамға көбейттік. Жалпы колонияларда жартысы (50%) немесе 13 мың сотталған ғана жұмыспен қамтылған.

- Бұл бірқатар объективтік себептермен түсіндіріледі. ҚАЖ кәсіпорындарының өндірістік әлеуеті үлкен емес, белсенді дамытуды қажет етеді.

Барлық ҚАЖ кәсіпорындары қайта құруды және өндірістік қуатын техникалық жарақтандыруды, жаңа өндіріс түрлерін құруды керек етеді.

- Бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ҚАЖ қызметінің өндірістік саласын дамыту бойынша шаралар қабылдап жатырмыз.

Қазір ҚАЖ кәсіпорындары өнеркәсіптің түрлі саласының өнімдерін шығарады. Тігін өндірісі, құрылыс материалдарын шығару, металл және ағаш өңдеу.

Ауыл шаруашылық өндірісін де дамытуда. Картоп, сәбіз, қырыққабат өсіреді. Тамақ өнімдерін – макарон және жарма өнімдерін, өсімдік майы, ет және балық консервілері, мал шаруашылығы өнімдерін – ет, сүт, жұмыртқа өндіреді.

Әкімдіктердің жәрдемімен үнемі ҚАЖ кәсіпорындары өндіретін тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің көрмесі өткізіледі.

Биылғы жылы шағын және орта бизнестің 20 субъектісімен бірлесіп мекемелердің бос алаңдарында құрылыс материалдарын шығару, арнайы техниканы жинау және ағаш бұйымдарын, пластикалық терезелерді шығару өндірісі ұйымдастырылды.

Жыл сайын түзеу мекемелері 12 млрд теңге көлемінде өнімдер өндіреді, жұмыстар жасайды және қызмет көрсетеді.

Шығарылатын өнімнің елеулі бөлігі 80 % жеке қажеттіліктері үшін түзеу мекемелеріне жеткізіледі.

- Сотталғандарды **жұмыспен қамту** проблемасын біз кешенді түрде олардың орта және кәсіби білім алу проблемасымен бірге шешудеміз.

2013-2014 оқу жылының қорытындысы бойынша 1,5 мыңнан аса сотталған түзеу мекемелерінің жанындағы орта мектептерді бітірді және аттестаттарын алды.

Бұдан басқа, қылмыстық-атқару жүйесінде 46 кәсіптік колледждер құрылып, жұмыс істеуде, онда сотталғандар шамамен 50 аса қажет мамандықтар бойынша: ағаш ұстасы, сылақшы-бояушы, электр және газ дәнекерлеуші, фрезерші, тігінші, наубайшы, аспазшы, көп салалы құрылысшы және т.б. білім алуда.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша 4 мыңнан аса сотталған мамандыққа ие болды.

Келесі жылдан бастап біз қылмыстық-атқару жүйесі кәсіптік колледждерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту жұмысын бастаймыз *(токарлық және фрезерлік станоктарды, тігін және ағаш өңдеу құрылғысын сатып алу, сондай-ақ кәсіптік колледждердің үй-жайларының ағымдық және күрделі жөндеулер өткізу шығындары)* тиісті қаражатты РБК қолдады.

- Сонымен қатар, **Үкіметтің қолдауысыз** біз өндірісті дамыту және сотталғандарды жұмыспен қамту проблемасын шеше алмаспыз.

Сол себепті, біздің бастамамызбен *(ағымдағы жылғы 25 қыркүйекте)* Үкімет 2015 жылдан бастап 2018 жылға дейін түзеу мекемелерін бюджетке таза табыстың бір бөлігін төлеуден босату туралы шешім қабылдады. Бұл ақша қаражаттарын өндірісті жаңғыртуға жұмсауға мүмкіндік береді *(жоспарланып отырған сома 123,6 млн. теңге)*.

Сондай-ақ, жаңа жылдан бастап ҚАЖ кәсіпорындары «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң нормаларын қолданусыз тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді жеткізу үшін келісімшарттар бекіте алады.

Алайда, бұның барлығы жеткіліксіз.

Сондықтан ҚАЖ кәсіпорындарын қорғаныстық тапсырыстарды орындаушылар қатарына енгізу мүмкіндігі пысықталуда. Оның шеңберінде біз Қарулы күштер, басқа да әскери және әскери құрылымдардың әскери қызметкерлері үшін әскери және арнайы киім нысандарын, айырым белгілерін шығару өндірісін жөнге салар едік.

Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік органдардың ҚАЖ кәсіпорындарында тауарларды шығару, жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша тапсырыстарын орналастырумен байланысты мәселені заңнамалық реттеу орынды.

Өңір деңгейінде әкімдіктермен келісе отырып, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасын іске асыру шеңберінде сотталғандарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өңірлік жоспарларын әзірлеу, сондай-ақ өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қол жеткізілуде.

Үшінші: Қылмыстық-атқару жүйесінің медициналық қызметін дамыту бойынша бірқатар жұмыстар жасалуы тиіс.

Сотталғандарға және тергеудегі адамдарға медициналық қызмет көрсетуді 10 емдеу мекемелері, оның ішінде алтауы туберкулезбен ауыратындарға арналған мекемелер қамтамасыз етеді.

Анықтама үшін:

Бүгінгі таңда медициналық персоналдың штат бірлігі 1740, оның ішінде 777 бірлік дәрігерлер, оның ішінде 437-і бірлік (609 қоса атқарушылар) жасақталған (жасақталуы - 78,3%, қоса атқарушыларсыз - 56,2%), орта медициналық персонал – 962 бірлік, оның ішінде 887 бірлік жасақталған (жасақталуы - 92,2%).

ҚАЖ-дың медициналық қызметінің барлық мекемелерде жұмыс істейтін 16 сауықтыру пунктері, 78 медициналық бөлімдері бар.

Шығыс Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстарында 490 науқасқа арналған 3 аурухана бар, онда қазіргі уақытта 216 науқас ұсталады, Алматы облысында 50 кереут-орынға арналған (19 науқас) психиатриялық аурухана және 6 туберкулезге қарсы мекемелер (1749 науқас) бар.

- Егжей-тегжейлі және статистиканы есептемей арнайы контингенттің медициналық қызмет көрсетілуіндегі орын алған проблеманы айта отырып, белгілі бір оң өзгерістердің барын да айта кеткен жөн.

Соңғы 5 жыл ішінде колониялардағы өлім-жітім деңгейі шамамен 30%-ға дейін төмендеді.

Яғни бұл өткен жыл ішінде 13 мың сотталған колонияларға денсаулықтарында бар созылмалы аурулармен (2500-і сифилиспен науқастар, 3500-і нашақорлар, 1700-АИТВ инфекциясын жұқтырғандар) түскендер. Бұл колонияға түскен адамдардың 30% құрайды, осының барлығы колониялардағы жалпы өлім-жітім көрсеткішіне әсер етуде.

Туберкулезді алдын алу және емдеу біздің медицинаның басты бағыты болып қалуда. Жалпы бұл жерде бізде оң қарқындар бар. Туберкулезден өлім-жітім саны 68%-ға төмендеген, туберкулезбен науқастардың саны 31%-ға азайды.

Осы себептерден біз Павлодар облысындағы мамандандырылған бір мекемені жаптық. Бұл мекеме туберкулезбен науқас 800 сотталғанға арналғанымен онда шамамен 100 науқас сотталған ұсталды.

Мәселен, колонияларға туберкулезбен науқас адамдар да түсуде. 2013 жылы туберкулездің белсенді түрімен науқас 400 адам түсті, ағымдағы жылы 150 адамдай.

- Сонымен қатар, біз қылмыстық-атқару жүйесінің медицинасын одан әрі дамыту, оны азаматтық сектормен ықпалдасуы бойынша мақсатты және кешенді шаралар қабылдап жатырмыз.

Алайда, ҚАЖ медицинасының форматын түбегейлі өзгерту ауыр процесс және уақытты талап ететіні анық.

Бүгінгі таңда ҚАЖ медицинасының материалдық-техникалық жарақтандырылуынан кейінгі тағы бір өзекті проблема бұл айтып кеткендей медициналық персонал кадрларының жетіспеушілігі.

Қазір дәрігерлердің жасақталмауы 35%-ды құрайды. Бұл жағдайға түбегейлі өзгертулер жасау жақын арада жасалмайтыны мәлім.

Бұның себептері белгілі: колониялардағы жұмыстың қауіпсіз еместігі және қызығушылық тудырмайтыны, арнайы контингентпен жұмыс жасау кезінде жұқпалы ауруларды жұқтыру қаупі, колониялардың қалалардан алшақ орналасуы, тиісті әлеуметтік пакеттің жоқтығы.

ҚАЖ дәрігерлерін ұстап қалу үшін ғана Үкімет 2012 жылы арнайы атақтары алынған адамдар қатарына осы дәрігерлерді қоспады.

Сондықтан бірқатар проблемалар, ең алдымен материалдық-техникалық жарақтандыру, сондай-ақ жалақыны көбейту, ҚАЖ-дың медициналық қызметтерінің қызметкерлерін едәуір әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету үшін елеулі бюджеттік қаражатты бөлумен байланысты проблемалар кешенін алдын ала шешпей ҚАЖ медицинасын азаматтық денсаулық сақтау саласына беру туралы айту әлі ертерек. Себебі басқа жағдайда мекемелердегі сотталғандардың медициналық жағдайы нашарлай түсуі мүмкін.

Сол себепті, қылмыстық-атқару жүйесінің медициналық қызметінің жағдайы туралы мәселені шұғыл шешуге қарсы болып отырған Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі басшылығының дәлелдері мен сақтықтары түсінікті болып отыр.

Біз Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен қорытынды шешім қабылдау үшін ұйымдастырушылық және практикалық мәселелер кешенін пысықтауды жоспарлап отырмыз.

Төртінші: Жаңа қылмыстық заңнамамен **бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды** қолдану саласы елеулі түрде кеңейе түседі. Бұл жерде басты мақсат – жазалау жүйесін ізгілендіру, яғни түзелуі бостандықта да болуы мүмкін адамдардың тордың арғы жағына қамалмауы.

Бұл заңнамалық новелла **ҚАЖ пробациялық қызметінің** одан әрі дамуы мен жетілдірілуін талап етеді.

Жаңа жылдан бастап пробациялық бақылау белгіленген адамдардың тізбесі шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар, бас бостандығын шектеуге сотталғандар және сот әкімшілік бақылау белгілеген адамдар (*бұрын тек шартты сотталғандар, бас бостандығын шектеуге сотталғандар болған*) санаттарымен толықтырылады.

Осыған байланысты, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар санының 55 мыңға дейін, яғни 2,5 есеге көбейетіні (*21 мыңнан 55 мыңға дейін*) күтілуде.

Қазір елімізде осы қызметтің **240** бөлінісі бар, оның есебінде **21** мың сотталған (*2013 жылы - 18 182*) тұр.

Пробация қызметінің жұмысы қадағалау және бақылау функциялары қадағалаудағы адамға қосымша әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету функциясымен толықтырылатынымен ерекшеленеді.

Бұл сотталғандарға көмек көрсету және олардың мінез-құлқын түзеу, олардың жаңа қылмыс жасауларын алдын алу мақсатында оларды ықпалдастыру тетігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара әрекет етуде пробация қызметі қадағалаудағы адамдардың проблемаларын шешу бойынша ведомстволардың өзіндік үйлестірушілері болып табылады.

Үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың қатысуларын пробация қызметтерін әлеуметтік бағдарламаларды, жобаларды, сондай-ақ сотталғандардың әлеуметтік проблемаларын шешуге бағытталған жекелеген іс-шараларын іске асыру үшін мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру құқығын беруден байқаймыз.

Жаңа жылдан бастап біз сотталғандарды бақылау үшін электрондық білезіктерді жаппай пайдалануға кірісеміз, тиісті қаражатты Үкімет бөлуде.

Шетелде білезіктер әлдеқашан қолданылуда. Бізде бұл алғашқы рет жасалайын деп отыр. Бұл жүйені ізгілендіру және Қазақстандық қылмыстық-атқару жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруде жасалып отырған кезекті қадам.

• **Құрметті депутаттар!** Өз баяндамамда біз үшін маңызды болып табылатын, шешімінен қылмыстық-атқару жүйесінің жұмыс істеуіне байланысты жекелеген түйінді проблемаларға тоқталдым.

Көптеген мәселелерді шешуде біз жергілікті атқарушы органдармен, сондай-ақ қоғамдық ұйымдармен және бірлестіктермен өзара тығыз байланыстамыз.

Бұл жұмыста біз пенитенциарлық процестердің жариялылығын қамтамасыз етуге әзірміз.

Қазіргі таңда ұлттық алдын алу тетігі және қоғамдық-бақылау комиссиялары сияқты институттар құрылуда. Бұл институттардың жұмыс істеуі қылмыстық-атқару жүйесінің тиімділігін арттыруға қоғамның тікелей қатысу мүмкіндігін тудырады.

Қорытындылай келе, құрметті депутаттар! Сіздерге ішкі істер органдарының қызметін қолдайтындарыңыз және ықыласпен қарайтындарыңыз үшін алғысымды білдіремін.

Ағымдағы жылы алты заң қабылданды, оның ішінде «Ішкі істер органдары туралы» жаңа Заң негізін құрады. Онда Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында жеке құрамға аса маңызды әлеуметтік пакет ұсынылды.

Бұл тұрғын үй үшін мақсатты ақшалай жәрдемақы, ішкі істер органдары басшыларының және олардың орынбасарларының ауысуы кезінде жәрдемақы төлеу, бір жергілікті жерден екінші жерге көшумен байланысты шығындардың орнын толтыру.

Қазіргі заманғы стандарттарға және құқық қорғау органдарының талаптарына сәйкес келетін ішкі істер органдарының жаңартылған жүйесін құру үшін құқықтық негіз салынды.

Қазіргі күні ІІМ жүйесі жаңаруда, біз ішкі істер органдарын реформалау бойынша маңызды және ұйымдастыру шараларын іске асыруға кірістік.

Сондай-ақ, астаналық ішкі істер департаментінің әкімшілік ғимаратының құрылысының қажеттілігіне, материалдық-техникалық және штатын нығайтуда және ІІМ-нің тиімді жұмысы үшін бағытталған басқа да бірқатар бастамаларға уақтылы көңіл бөлген Мәжілістің депутаттар тобына алғысымды білдіремін.

Біз өз жұмысымызға сын көзбен қараймыз, қоғамның үмітін ақтау үшін, халықтың сенімін тудыру үшін әлі де көп жұмыс істеу керектігін түсінеміз.

Ішкі істер органдарының жеке құрамына зор қиындықтары бар, көптеген әлеуметтік-экономикалық және өзге де проблемалармен негізделген жоғары жауапкершілік және ауыр жұмыс жүктелген.

Сіздердің ұсыныстарыңыз бен сыни ескертулеріңіз бойынша өз қызметімізге түзетулер енгізетін боламыз.

Құрметті депутаттар!

Назарларыңызға рахмет, сұрақтарыңыз болса, жауап беруге дайынмын.